

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

« Инженерлік-техникалық » факультеті

«ІТ-технологиялар және автоматтандыру » кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**6B06103 – «Есептеу техникасы және
бағдарламалық қамтамасыз ету»**

2024-2028 оқу жылына арналған

АЛМАТЫ, 2024

Элективті пәндер каталогы Қазақ ұлттық аграрлық университеті оқу-әдістемелік кеңесінің (хаттама № 4, «01» ақпан 2024 ж.) және Ғылыми кеңесінің (хаттама № 9, «01» наурыз 2024 ж.) шешімдерімен мақұлданған.

Құрастырғанда: Кусаинова Ж.А.. және Киргизбаева Б.Ж.

.

Алғы сөз

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің **2022 жылғы 20 шілдедегі №2** бұйрығы бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімімен құрастырылды.

ЭПК білім алушыларға жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін және ПОҚ таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының және ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарын әзірлейді.

Каталог кестесінде жалпы білім беру пәндері (ЖБП) циклінің міндетті, таңдау пәндері, базалық пәндер (БП), кәсіптік пәндер (КП) циклінің жоғары оқу орнының міндетті және таңдау пәндері мен оның баламасының формуляры келтіріледі. ЭПК формулярында пәндердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаулары, пәннің қысқаша мазмұны, пререквизиттері мен постреквизиттері, ПОҚ аты-жөні, кредит саны мен курсты оқу семестрі көрсетілген.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ: 6В06103 – ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ
БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Берілетін дәреже: 6В06103--«Есептеу техникасы және
бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру
бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуника-
циялық технологиялар саласының Бакалавры

1 КУРС

Цикл	Код	Пәндер	Академ. кредиттер
1 семестр – 32 академиялық кредит			
Міндетті компонент – 17 кр.			
ЖБП	KTM 1101	Қазақстан тарихы (МЕ)	5
ЖБП	ShT 1103	Шетел тілі	5
ЖБП	KOT 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5
ЖБП	DSH 1107	Дене шынықтыру	2
Жоғары оқу орны компоненті–10 кр.			
БП	M 1201	Математика 1	5
БП	DKB 1204	Деректер құрылымы және бағдарламалау	5
		Таңдау компоненті – 5 кр.	
ЖБП	KSZhKM 1113	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	5
	Eko 1114	Экономика	
	Eko 1115	Экология	
	TAK 1116	Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі	
	Kas 1117	Кәсіпкерлік	
	GZA 1118	Ғылыми зерттеулердің негіздері	
	KSN 1119	Қаржылық сауаттылық негіздері/	
2 семестр – 32 академиялық кредит			
Міндетті компонент – 25 кр.			
ЖБП	SHТ 1103	Шетел тілі	5
ЖБП	KOT 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5
ЖБП	AKT 1105	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	5
ЖБП	ASBM ASMP 1106	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	8
ЖБП	AKT 1107	Дене шынықтыру	2
Жоғары оқу орны компоненті– 7 кр.			
БП	M 1202	Математика 2	5
БП	OP 1206	Оқу практикасы	2

Пәнді сипаттауға арналған формуляр (таңдау)

Пәннің коды мен атауы	М 1201 Математика 1
Цикл	БП / ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	«6В06103– Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Математика (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиттері	Математика 2, физика
Пәннің мақсаты	математикалық талдаудың негізгі ұғымдарын және олардың қосымшаларын оқып үйрену; берілген пәннің типтік есептерін шешудің негізгі математикалық әдістерімен танысу және оларды тәжірибеде қолдана білу; зерттеудің математикалық аппаратын меңгеру.
Пәннің мазмұны	Сызықтық алгебра. Матрицалар. Анықтауыштар. Сызықтық теңдеулер жүйесі. Кронекер-Капелли теоремасы. Векторлық алгебра. Векторлардың скаляр көбейтіндісі. Векторлардың векторлық көбейтіндісі. Векторлардың аралас көбейтіндісі. Кейбір қосымшалар. Аналитикалық геометрия. Жазықтықтағы түзудің теңдеулері. Кеңістіктегі түзу мен жазықтық. Екінші ретті қисық сызықтар. Екінші ретті беттердің канондық теңдеулері. Талдауға кіріспе. Тамаша шектер. Функцияның туындысы. Орта мән туралы теоремалар. Лопиталь ережесі. Функцияның дифференциалы. Сандық дифференциалдау. Тейлор формуласы. Анықталмаған интеграл. Анықталмаған интегралдарды интегралдау әдістері. Рационал және иррационал функцияларды интегралдау. Тригонометриялық функцияларды интегралдау. Анықталған интеграл. Меншіксіз интегралдар. Сандық интегралдау
Пәннің күзиреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін студент: - негізгі математикалық формулаларды, теориялық тұжырымдарды және қолдану салаларын; математикалық есептерді шешу тәсілдерін, шешімді іс жүзінде қолдануға болатын нәтижеге жеткізу тәсілдерін білуі тиіс; - математикалық білімді өз бетінше кеңейтуді; математикалық модельдерді зерттеуді; математикалық есептерді шешуді; эксперименталды мәліметтерді өңдеуді және талдауды іске асыра білуі тиіс; - алған білімдері мен дағдыларын кәсіби іс-әрекетінде пайдалануға құзыретті болуы керек.
Қорытынды бақылау түрі	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)

Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Байырыстанов А.О. Жоғары математика: I-бөлім: оқулық. - Алматы: Нур-Принт, 2018.- 245 б. 2. Ақанбай Н. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика курсы: I-бөлім: оқулық. - Қарағанды: Medet Group, 2018.- 396 б. 3. Ақанбай Н. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика курсы: III-бөлім: оқулық. - Қарағанды: Medet Group, 2018.- 252 б. 4. Махмеджанов Н. Жоғары математика есептерінің жинағы: оқу құралы / Н. Махмеджанов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Қарағанды: Medet Group, 2018.-326 б. Қосымша : 5. Интернет ресурс. http://library.kaznau.kz/new/?lang=ru 6. Ақжігітов Е. Жоғары математикадан есептер мен жаттығулар: 1-бөлім: оқулық. - Алматы: Фолиант, 2017.- 296 б. 7. Ақжігітов Е. Жоғары математикадан есептер мен жаттығулар: 2-бөлім: оқулық. - Алматы: Фолиант, 2017.- 296 б. 8. Ақанбай Н. Математикалық статистика бөлімі бойынша өзіндік тапсырмалар мен методикалық нұсқаулар: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 324 б. 9. Махмеджанов Н. Жоғары математикадан тапсырмалар жинағы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2020.- 122 б. 10. Крофт Э. Математика негіздері: 2-бөлім: оқулық. - Алматы, 2014.- 324 б.
-------------------	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	DKB 1204 Деректер құрылымы және бағдарламалау (DSP 1204 Data structures and programming)
Пәннің ПОҚ	Молдабеков Б.К., Сейдалиева Г.О., Дильмагамбетова Б.М., Сапиева Г.Е.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6B06103 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Академиялық кредит	5
Оқу нысаны	Күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Мектептегі Информатика
Пәннің постреквизиттері	Объектілі-бағытталған программалау, IT-инфрақұрылым
Пәнді оқу мақсаты	Алгоритмдердің құрылымдық сұлбасын білуі керек, талап ететін есептерге сәйкес мәліметтер құрылымын ұйымдастыруды программалау тілін таңдау, тіл құрылысын қолданып берілген программалау тілінде программа құру және жақсы стильде программа жазу, программаны сынау және қалыптастыру, сапалы программалық құжатты құруды білулері керек.
Пән мазмұны	Ақпаратты сақтау және іздеу, бағдарламалаудың базалық алгоритмдері мен деректер құрылымдарын талдау және іске асыру, сондай-ақ қолданбалы ақпараттық технологияларды іске асыру

	құралдарын жобалау және әзірлеу үшін пайдаланылатын негізгі алгоритмдер мен деректер құрылымдары туралы базалық білімді қалыптастыру. Құрылымдық және объектіге бағытталған бағдарламалау әдістері, Python тілін қолдана отырып бағдарламаларды әзірлеу және баптау мүмкіндігі туралы білімді қалыптастыру.
Пәннің күзіндеттілігі	Пәнді оқығаннан кейін студент: ақпаратты сақтау және алу үшін қолданылатын негізгі алгоритмдер мен мәліметтер құрылымын білу ; - мәліметтер алгоритмдері мен құрылымдарын талдау және түсіну ; - бағдарламалаудың негізгі алгоритмдерін және мәліметтер құрылымын қолдану ; - алгоритмдер мен деректер құрылымын құруда күзінретті болу .
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық период (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	1. Көбеков, Б.С. Программалау тілдеріндегі көрсеткіштік тип [Мәтін]: оқу құралы.- Алматы: Medet Group, 2014.- 104 б. 2. Көбеков, Б.С. Программалық қамтаманы әзірлеу технологиялары : оқулық. "Тұран" ун-ті.- Алматы: Medet Group, 2014.- 336 б. 3.Семакин, И.Г. Основы алгоритмизации и программирования : учебник. -2-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2014.- 304 с. Қосымша әдебиет: 4. Смайлова, Ұ.М. Программалау:алгоритм құру технологиялары : оқу құралы.- 2-бас., толықт.- Алматы: Асыл кітап, 2014.- 168 б.

Пәннің коды мен атауы	KSZhKM 1113 Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет
Пәннің ПОҚ	Куандыков Б.Ж, Аюпова З.К.,Шарипов Ш.М. Нұрбаева Л.Б, Төленді М.А., Абдикешов М.К
Пән циклі	ЖББ/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В06103 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Қазақстан тарихы, Әлеуметтік-саясаттану білім модулі
Пәннің постреквизиттері	Агробизнесі ұйымдастыру, Бизнесі жоспарлау
Пәнді оқу мақсаты	Пәннің мақсаты Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, студенттердің әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық, құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар аясындағы құқықтық сауаттылықты арттыруға және студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын, мінез – құлықтарының

	стандартын, сыбайлас жемқорлықтың кез – келген көріністеріне қырын қарауды қалыптастыру.
Пән мазмұны	Мемлекет пен құқықтың түсінігі мен белгілері. Мемлекет пен құқықтың шығу тегі жөніндегі негізгі теориялар. Объективтік құқық және субъективтік құқық . Құқықтың саясатпен, моральмен, экономикамен байланыстылығы. Құқықтың атқаратын қызметтері (функциялары). Құқықтық жүйе, құқық жүйесі мен заңнама жүйесі түсініктерінің арақатынасы. Нормативтік құқықтық актілердің түсінігі, жалпы сипаттамасы, түрлері мен топтастырылу өлшемдері. Құқық нормасының түсінігі мен белгілері. Құқық нормасының құрылымы. Гипотеза, диспозиция, санкция мен олардың түрлері. Құқықтық қатынас түрлері. Құқықтық қатынастың құрылымы. Құқық қабілеті мен әрекет қабілеті. Құқықтық қатынастың субъектілері мен объектілері. Құқықтық қатынастың мазмұны. Субъективтік құқық пен заңды міндет. Жеке және заңды тұлға. Құқық бұзушылықтың заңды құрамы. Құқық бұзушылықтың субъектісі, объективтік және субъективтік жақтары. Заңды жауапкершілік, оның түрлері. Заңды жауапкершіліктен босатудың негіздері. Қазақстан Республикасының конституциялық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығының негіздері. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы негіздері. Қазақстан Республикасының азаматтық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының экологиялық құқық негіздері. Қазақстан Республикасының жер құқығы негіздері. Халықаралық құқық негіздері, «Сыбайлас жемқорлық» түсінігінің теориялық – әдістемелік негіздері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет субъектілері және олардың құзыреттері. Сыбайлас жемқорлықтың этикалық және типологиялық қырлары және олардың тарау аясы. Сыбайлас жемқорлық – адам құқығын бұзушы фактор ретінде. Сыбайлас жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіруші ретінде. Сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылықтар, оның құрамы. Лауазымды тұлғаның өкілеттілігін иелену. Қызметтік жалғандық, пара алушылық.
Пәннің құзіреттілігі	- біледі адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін білу; Қазақстан Республикасындағы әрекет етуші негізгі нормативтік құқықтық актілерді білу, олардың қолдану аясын дұрыс түсіну; халықаралық заңдылықтарды білу; құқық салаларын ажырата білу, сыбайлас жемқорлықтың мәнін және оның пайда болу себептерін; сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылық үшін моральдық – өнегелік және құқықтық жауапкершілікті; - түсінеді сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет аясындағы әрекет етуші заңнамаларды материалдық және іс жүргізу құқығының өзара іс-қимыл механизмін; - қолдана алады: нақты жағдайларда құқық нормаларын -- құзретті: қарастырылатын әрбір құқық саласына жүйелі түсінік жасай біліп, қазіргі ғылыми зерттеулерге сын көзқараспен қарап, тұжырымдар жасай алуға;

	проблемаларды шешудегі дербестік пен түпнұсқалық және кәсіби деңгейде дербес жоспарлауды және шешуге жетілген құқықтық сана, құқықтық ой – өріс және құқықтық мәдениет негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыру; нақты заң талаптарына сәйкес шешім қабылдау және заңдық әрекетті жүзеге асыруға
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Турдалиев Ә.О. Сыбайлас жемқорлықпен күрес стратегиясы : оқу құралы.- Алматы: МонтеКристо, 2018.- 372 б. 2. Ағыбаев А.Н. Парақорлық үшін қылмыстық жауаптылық : оқу құралы.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 160 б. 3. Мырзатаев Н.Д. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес : оқу құралы .- Алматы: Эпиграф, 2019.- 112 б 4. Ағыбаев А.Н. Ответственность за отдельные виды коррупционных правонарушений по новому уголовному Кодексу Республики Казахстан : учеб. пособие.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 88 с. 5. Сейтхожин Б.У. Квалификация коррупционных преступлений: теория и практика применения : учеб. пособие.- Алматы: Эпиграф, 2019.- 204 с. Қосымша әдебиеттердің тізімі 6. Алауханов Е.О. Борьба с коррупцией: учеб. пособие / под ред. Е.О.Алауханова.- Алматы: Юрид. лит., 2008.- 288 с. 7. Баймолдина С.М. Актуальные проблемы борьбы с коррупцией и организованной преступностью : учеб. пособие.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 184 с.

Пәннің коды мен атауы	Еко 1114 Экономика
Пәннің ПОҚ	Бельгибаева Ж.Ж., Карымсакова Ж.К., Саяпил А., Джумабаева А.М.
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В06103 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Математика
Пәннің постреквизиттері	Агробизнесті ұйымдастыру, Бизнесті жоспарлау
Пәнді оқу мақсаты	Экономикалық ойлауды қалыптастыру, нарықтық экономика туралы білім алу, мемлекеттің экономикалық саясаты ұғымы
Пән мазмұны	Экономика пәні және зерттеу әдістері. Қоғамдық өндіріс негіздері. Меншік және экономикалық жүйе. Қоғамдық шаруашылық нысандары. Нарықтық жүйенің қызмет ету механизмінің негіздері. Фирма және кәсіпкерлік теориясы. Өндіріс, фирманың шығындары мен табысы. Өндіріс

	факторларының нарығы және табыстарды бөлу. Ұлттық экономика негіздері: мазмұны құрылымы және нәтижесін өлшеу. Экономикалық өсу және нарықтық экономиканың тұрақсыздығы. Инфляция және жұмыссыздық экономикалық тұрақсыздықтың көрінісі ретінде. Ұлттық экономикадағы қаржы және ақша несие жүйесінің негіздері. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу және экономикалық қауіпсіздік. Әлемдік экономика қызмет етуінің экономикалық негіздері.
Пәннің күзіндеттілігі	Пәннің меңгергеннен кейін Бакалавр : - біледі нарықтық экономиканың негізгі заңдылықтары; - түсінеді: нарықтарда экономикалық агенттердің өзара іс-қимыл тетігі; - қолдана алады: осы пәнді оқу барысында алған теориялық білімін тәжірибеде; - құзретті: тиімді шаруашылық шешімдердің нұсқасын кәсіби тұрғыдан дамыту және дәлелдеуде.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Мэнкью Н.Г. Экономикс.: ауд. Л.Ә.Бимендиева, Р.Д.Досжан, Г.К.Иляшова .- 4-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 848 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 2. Есполов Т.И., Белгібаев Қ.М. Экономикалық теория негіздері.: Оқу құралы. 2012 ж. 3. Ахмедьярова М.В. Экономикалық теория: Оқу құралы. Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті. - Алматы, 2016. 4. Лашкарева О.В. Макроэкономика: учеб. пособие .- Алматы: TechSmith, 2018.- 324 с. 5. Лашкарева, О.В. Макроэкономика : метод. указания для подготовки к семинарам для студентов экон. спец.- Алматы: TechSmith, 2018.- 64 с. 6. Көшімова М.Ә. Макроэкономика : оқу құралы.- Алматы: Экономика, 2014.- 178 б. 7. Ғиззатова А.И. Макроэкономика : оқу құралы . ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Бастау, 2014.- 408 б. Қосымша: 8. Н.А.Маженова. Экономикалық теория: Оқу құралы Алматы: Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, 2015.

Пәннің коды мен атауы	Еко 1115 Экология
Пәннің ПОҚ	Сайкенов Б.Р., Сагидолдина Ж.Е., Куандыкова Э.М., Усенова Г.А.
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В06103 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі

Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Мектеп бағдарламалары: биология, химия
Пәннің постреквизиттері	Бизнесті ұйымдастыру, Аграрлық экономика
Пәнді оқу мақсаты	Экологиялық танымды қалыптастыру, қоғам мен табиғаттың тұрақты даму негіздері туралы терең білім алу, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың заманауи тәсілдері бойынша теориялық және практикалық білім алу.
Пән мазмұны	Табиғатты қорғау іс-шараларының теориялық негізі болып табылатын тірі организмдердің жеке тұлғаларының, популяциялары мен қауымдастықтарының экологиялық заңдылықтары туралы жаратылыстану-ғылыми жүйелік білімді қалыптастыру, адамның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның экологиялық мәдениетінің денсаулығын сақтау бойынша экологиялық білімді тек кәсіби бағытта ғана емес, сонымен қатар қоғамның экологиялық дағдарыстан шығуына және тұрақты даму жолындағы қозғалысқа ықпал етуге және табиғатты қорғау мәселелерін шешу үшін теориялық білімді қолдануға мүмкіндік береді.
Пәннің күзиреттілігі	- біледі: экологиялық ғылымның қалыптасу тарихы және оның мәселелері, табиғатты қорғау және табиғатты тиімді пайдалану; -түсінеді:табиғатта және қоғамда пайда болатын құбылыстардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауды түсіну; -қолдана алады:алынған білімді қойылған міндеттерді шешу үшін, экологиялық процестерді талдау, табиғат пен қоғамның тұрақты дамуының басымдықтары мен міндеттерін қою кезінде қолдану; - күзретті: табиғи ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласында; Биосфера мен биоалуантүрліліктің тұрақтылығын сақтау және Апатты дағдарыссыз социумды дамыту мақсатында; орта факторларының әсер ету дәрежесін анықтауда күзиретті болу.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1.Оспанова Г.С. Экология: оқулық.- 2-бас.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 315 б. 2.Жайлыбай К.Н. Экология терминдерінің түсіндірме сөздігі оқу құралы.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 84 б. 3.Баубеков С.Ж. Табиғатты қорғаудағы экология негіздері оқулық.- Алматы: Эверо, 2015.- 308 б. 4. Булекбаева К.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау оқулық.- Алматы: Эверо, 2015.- 157 б. 5. Экология және тұрақты даму оқулық .; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Эпиграф, 2015.- 404 б. 6.Бигалиев А.Б. Биоэкология: "Экология" маман. бойынша ун-т студ. арн. Оқулық.- Алматы: Эверо, 2015.- 276 б 7. Тонкопий М.С., Сатбаева Г.С.,Ишкулова Н.П. Экология және тұрақты даму оқулық. - Алматы: Экономика, 2014.- 316 б. Қосымша:

	8. Таныбаева А.К., Абубакирова К.Д., Кожагулов С.О., Базарбаева Т.А. Экология и устойчивое развитие. Учебно-методическое пособие. -Алматы, 2015 9.Сулейменова Н.Ш. Окружающая среда и человек : учебник для вузов.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 264 с. 10.Морозова Т.А. Основы экологии и экономика природопользования. Практикум : учеб. пособие.- Мн.: Новое знание.- М.: ИНФРА-М, 2014.- 286 с
--	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша,ағылшынша)	ТАК 1116 Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі (Life safety)
Пәннің ПОҚ	Жумабаева А.К., Ахмадиева Т.К.,
Пән циклі	ЖБП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6B06103 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздердердің мектеп курсы
Пәннің постреквизиті	Бизнесті ұйымдастыру, Аграрлық экономика
Пәнді оқу мақсаты	«Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі» пәннің оқытудың мақсаты мен міндеттері студенттерге қауіпсіз және зиянсыз өмір сүру жағдайларын, адам мен техносфераның өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету үшін қажетті дағдыларды меңгеруде жүйелі білімді беру болып табылады.
Пән мазмұны	Тіршілік қауіпсіздігі адамның техносферамен ыңғайлы және қауіпсіз өзара әрекеттесуі туралы ғылым - адамға қауіп төндіретін қауіпті зерттейтін және кез-келген адам қоршаған ортасында оны қорғаудың жолдарын жасайтын ғылыми білім саласы. «Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі» пәні адамның қоршаған ортамен қауіпсіз өзара әрекеттесуі, еңбек қауіпсіздігі және төтенше жағдайлар кезіндегі жағымсыз факторлардан қорғау тақырыптарын біріктіреді. Тіршілік қауіпсіздігі доктринасының басты мақсаты - техносферадағы адамды антропогендік және табиғи шығу тегінің теріс әсерінен қорғау, өмір сүрудің қолайлы жағдайларына қол жеткізу. Тіршілік қауіпсіздігі мәселесін шешу адамдардың іс-әрекеті, өмірі үшін қолайлы жағдайлар жасау, адамды және оның қоршаған ортасын зиянды факторлардың әсерінен қорғаудан тұрады. Кез-келген зиян үшін адам өзінің денсаулығы мен өмірін төлейді, оны «адам-қоршаған орта» жүйесінде қалыптастырушы фактор ретінде қарастыруға болады, оның жұмысының соңғы нәтижесі және қоршаған орта сапасының өлшемі.

Пәннің құзіреттілігі	Пәнді игергеннен кейін студенттердің міндеті: білу керек: -қоршаған ортадағы адам өмірінің қауіпсіздігінің теориялық негіздері; -тіршілік қауіпсіздігінің құқықтық және нормативтік-техникалық негіздері; ұсынуы болу керек: -травматикалық, зиянды және зақымдайтын факторлардың адамға анатомиялық және физиологиялық салдары туралы; -төтенше жағдайлар кезіндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің тұрақтылығын арттыру жолдары мен құралдары туралы; -төтенше жағдайларды болжау және олардың салдарын жою әдістері туралы. дағдылары болуы керек: -құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды негізгі ұйымдастыру және өткізу -өндірістік қызметтің қауіпсіздігі мен экологиялық қауіпсіздігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу; -авариялық-құтқару жұмыстарына және төтенше жағдайдан кейінгі басқа да жұмыстарға қатысу құзыретті болуы керек: -шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік қызметінің тұрақтылығын арттыру жөніндегі шараларды жоспарлау және іске асыру кезінде; -төтенше жағдайлар кезінде өндірістік персоналды және халықты қорғау бойынша іс-шараларды жоспарлау кезінде; -құтқару жұмыстары кезінде азаматтық қорғаныс бөлімшесінің командирінің міндеттерін орындау кезінде
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан (жазбаша)
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15апта)
Әдебиеттер тізімі	1. Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі : оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б. 2. Баубеков С.Ж. Өмір қауіпсіздігі негіздерін оқытудың әдістемесі : оқу құралы.- Алматы: Эверо, 2015.- 132 б. 3. Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі : оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2015.- 588 б. 4. Тәжірибе сабаққа арналған әдістемелік нұсқау. Касенов К.М., Жумабаева А. и др. КазҰАУ, 2020 ж.

Пәннің коды мен атауы	Кас 1117 Кәсіпкерлік
Пән ПОҚ	Бейсенова Г.Ш. Итекеева Г.К., Карымсакова Ж.К.
Цикл	ЖБП /ТК
Оқыту деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В06103 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Академиялық кредит саны	5
Оқу формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пререквизиттері	«Кәсіпкерлік негіздері» мектеп бағдарламасы

Постреквизиттері	Бизнесті ұйымдастыру, Аграрлық экономика
Пәннің мақсаты	Студенттердің теориялық, ғылыми және практикалық білім арқылы жаңа тауар жасау мен қызмет көрсету бойынша кәсіпкерлік қызметке дайындығын қалыптастыру. Студентке бизнес-жоспар дайындау мен кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың бизнес-идеясын әзірлеуді үйрету.
Пәннің мазмұны	Кәсіпкерліктің экономикалық негіздері. Маркетинг және маркетингтік зерттеулер. Сату стратегиясы. Кәсіпкерлік қызметті ресурстық қолдау. Бизнеске салық салу жүйесі. Бизнесінің қаржылық моделі. Инвестицияларды тарту және мемлекеттік қолдау шаралары. Кәсіпкерлер қызметіндегі бизнес-жоспарлау. Бизнесіні дамыту стратегиясы. Кәсіпкерлік қызметті тоқтату.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр: білу керек - Кәсіпкерлік қызметтің мәнін, ұйымдастыру мен басқару негіздерін; Түсіну -Жеке ұйым деңгейіндегі экономикалық құбылыстар мен процестердің мәнін, олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін; Қолдану -Кәсіби қызметте бизнес құрылымдарды жедел және стратегиялық басқару әдістерін; Құзыретті болуы - Өртүрлі аналитикалық әдістерді қолдана отырып, тиісті ақпаратты талдау арқылы шешімдер қабылдау және олардың салдарын бағалауда.
Қорытынды бақылау формасы	емтихан
Оқыту ұзақтығы	1 академиялық кезең (15 недель)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер 1. К.М. Жумаксанова, Р.Ж, Дүйсенова, А.Т. Алдажарова, А.З. Нурпейсова. Кәсіпкерлік қызмет негіздері және туризмдегі бухгалтерлік есеп: Оқу құралы. - Алматы, 2020. - 112б. 2. М.Б. Турабаева, О.В. Силаева; Экономика негізі және кәсіпкерлік» модулі: Оқулық. / Құраст. Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті. - Темиртау, 2020. - 34б. 3. Калиева, А.Е., Салибекова, П.Қ. Инновациялық кәсіпкерлік: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 169б. 4. Сыдыбаева, М.А., Досаналиева, А.Т. Интернет-кәсіпкерлік: Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: «Тұран» Университеті, 2020. - 125б. 5. Бове К.Л. Қазіргі бизнес-коммуникация [Электронный ресурс] / К.Л. Бове, Дж.В. Тилл; ауд. А.Қуанышбекова, М.Қожақанова, Д.Мәзен; "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры.- 14-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 736 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 6. А. Азимхан, Г.С. Дюсембекова, Г.Д. Баяндина, С.М. Хасенова, Г.К. Кенжетеева. Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері: Оқу құралы. / - Павлодар: Кереку, 2019. - 129б. 7. Кәсіпкерлік: Жоғары оқу орыны студенттеріне арналған оқу құралы . / М. Б. Султанова, Ж. Ж. Габбасова, Ж. Б.

	Кенжин. - Орал: Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, 2019. - 139б. 8. Кәсіпкерлікті ұйымдастыру [Мәтін]: оқу құралы / К.Н.Оразбаева, Ә.Б.Жетпісова, Г.Т.Серікова, Г.А.Сақауова.- Алматы: TechSmith, 2018.- 248 б. 9. Кәсіпкерлік стратегиялар: Оқу құралы. / К.Р. Касенов, Ә.Қ. Агзам, А.Ж. Аманкосов; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 242б. 10. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика [Мәтін] / Д.Ф. Куратко; ауд. М.Қыстаубаева, Б.Сабденәлиев, М.Сейітжаппарұлы [ж.т.б.].- 10-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 480 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 11. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [Мәтін] / К. Шваб; ауд. Н.Б.Ақыш, Л.Ә.Бимендиева, К.І.Матыжанов.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 200 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 12. Исабеков Б.Н. Инновация және кәсіпкерлік [Мәтін]: оқулық / Б.Н. Исабеков, Л.Қ. Мұхамбетова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Астана: Басп. ж., 2017.- 680 б. 13. Султанбеков, М.Б. Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері және экономика салалары: Оқу құралы. - Павлодар: Кереку, 2017. - 109б. 14. Бизнес-жоспар [Мәтін]: оқу құралы / К.Е.Ертаев, Л.Г.Гербеев, К.О.Смагулова, А.М.Дәуренбеков.- Алматы: Эверо, 2017.- 124 б. 15. Хамитова К. Экономика және кәсіпкерлік негіздері [Мәтін]: оқулық / К. Хамитова.- 3-бас. толықт., өңд.- Астана: Фолиант, 2016.- 200 б. 16. Мэнкью Грегории Н., Тейлор Марк П. Экономикс. 4-халықаралық басылым. -Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 848 бет. Қосымша әдебиеттер 9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы "30" мамырдағы № 338 қаулысымен. 2020 – 2024 жылдарға арналған қаржылық сауаттылықты арттыру тұжырымдамасы 10. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) / Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ кодексі
--	---

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	GZN 1118 Ғылыми зерттеулердің негіздері
Пәннің ПОҚ	Киргизбаева Б.Ж., Молдабеков Б.К., Дильмагамбетова Б.М.
Пән циклі	ЖБП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6В06103 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Академиялық кредит	5

Оқу нысаны	Күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Мектептегі математика. Информатика
Пәннің постреквизиттері	Дипломдық жобалау
Пәнді оқу мақсаты	- ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен басқарудың заңдылықтары, принциптері, ұғымдары, терминологиясы, мазмұны, спецификалық ерекшеліктері туралы білімді меңгеру, ғылыми зерттеулерді жүргізудің әдістері мен тәсілдерін іс жүзінде қолдану дағдыларын алу, зерттеу тақырыбын таңдау, мәліметтерді өңдеу, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып негізделген тиімді шешімдерді алу.
Пән мазмұны	Экономикалық-математикалық әдістерді, есептеуіш техниканы және телекоммуникацияларды кеңінен қолдана отырып, осы білімдерін нақты есептерді шешуде пайдалана алатын, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті ұйымдастыру мен жоспарлаудың теориялық негіздеріне бакалаврларды даярлау.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді оқығаннан кейін студент: білу керек: ғылыми зерттеудің негізгі логикалық әдістері мен әдістерін, қазіргі ғылымның әдіснамалық теориялары мен қағидаларын, заманауи компьютерлік технологиялардың негізін, шығармашылық бастаманы дамытудағы отандық және шетелдік ғылымның озық тәжірибесін. Қолдану: - ғылыми зерттеулерді әдістемелік негіздеуді жүзеге асыру, ғылыми қызметтің тиімділігін бағалау, білім мен ғылымда желілік технологиялар мен мультимедиялық құралдарды пайдалану; өндірістік қажеттіліктерге негізделген зерттеу мәселесін тұжырымдау, бөлу функцияларын анықтау, критерий параметрлерін негіздеу құзіретті болу: - ғылыми зерттеулер мен оның нәтижелерін логикалық және әдістемелік талдау, математикалық әдістерді техникалық қосымшаларда қолдану, патенттік ізденістерді жүзеге асыру, ғылыми экспериментті жоспарлауда, көпшілік алдында сөз сөйлеуде, дәлелдеу
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық период (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: - Мокий, М. С. Методология научных исследований : учебник для вузов / М. С. Мокий, А. Л. Никифоров, В. С. Мокий ; под редакцией М. С. Мокия. — 2-е изд. — Москва : Издательство Юрайт, 2023. — 254 с. — (Высшее образование). — ISBN 978-5-534-13313-4. — Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. — URL: https://urait.ru/bcode/510937. - Брылев, А. А. Основы научно-исследовательской работы : учебник для вузов / А. А. Брылев, И. Н. Турчаева. — Москва : Издательство Юрайт, 2023. — 206 с. — (Высшее образование). — ISBN 978-5-534-15861-8. — Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. — URL: https://urait.ru/bcode/509893.

	Қосымша: 3. Дрещинский, В. А. Основы научных исследований : учебное пособие для вузов / В. А. Дрещинский. — 2-е изд., перераб. и доп. — Москва : Издательство Юрайт, 2022. — 274 с. — (Профессиональное образование). — ISBN 978-5-534- 10329-8. — Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. — URL: https://urait.ru/bcode/495286 4. Периодика Прикладная информатика: журнал. — Режим доступа: http://www.appliedinformatics.ru/. 11. Профессиональные базы данных и информационно-справочны 5. http://www.lib.tsu.ru/ - Научная библиотека ТГУ. 6. http://www.inion.ru/ - Институт научной информации РАН 7. http://www.elibrary.ru/-Научная электронная библиотека.
--	---

Пәннің коды мен атауы	KSN 1119 Қаржылық сауаттылық негіздері
Пән ПОҚ	Сейтбекова С.Т., Бейсенбаева А.К.
Цикл	ЖБП/ТК
Оқыту деңгейі	Бакалавриат
Білім беру бағдарламасы	6B06103 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Академиялық кредит саны	5
Оқу формасы	күндізгі
Семестр	1
Пререквизиттері	«Кәсіпкерлік негіздері» мектеп бағдарламасы
Постреквизиттері	Бизнесті ұйымдастыру, Аграрлық экономика
Пәннің мақсаты	Жеке қаржыға қатысты шешімдер қабылдау кезінде ұтымды қаржылық мінез-құлықты қалыптастыруға үйрету, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді тәсілдері, қаржылық өнімдер мен қызметтерді пайдалану тәртібін білу.
Пәннің мазмұны	Жеке қаржыны басқару. Меншікті ақша қаражатын қалыптастыру және банкті таңдау, қаржылық тәуекелдер мен инвестициялау стратегиялары, ҚР-да жеке тұлғалар төлейтін салық түрлері, ҚР сақтандыру нарығы, өз бизнесін құру, қаржылық алаяқтық, зейнетақы жинақтау мүмкіндіктері
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр: Білу керек: белгілі бір мақсаттарға ақша жинауды білу; бұл үнемдеу себептерін ажырату үшін түсіну (күтпеген шығындар үшін резерв қалыптастыру; болашақ ірі шығындар үшін қаражат жинау; кіріс алу); салымдарды сақтандырудың мемлекеттік жүйесін білу. дағдысы болу керек: жинақтаудың әртүрлі тәсілдері мен жинақ өнімдерінің түрлері туралы түсініктерді егжей тегжейлі білу; жеке тұлғалардың мінез-құлқын анықтайтын факторлардың әсерін анықтау және ақша операцияларын құқықтық реттеуді зерттеу; меңгеру керек: отбасының әл-ауқатын арттыру үшін банктік салым ашу дағдыларын меңгеру;

	ақша иелері үшін пайда табу мақсатында бағалы қағаздар нарығында, жылжымайтын мүлік нарығында және т. б. орналастыру дағдыларын.
Қорытынды бақылау формасы	емтихан
Оқыту ұзақтығы	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер 1. Сембиева, Л.М. Введение в финансы: Т.2: учеб. пособие / Л.М. Сембиева, С.Б. Макыш, А.О. Жагыпарова.- Алматы: ЭСПИ, 2020.- 260 с. 2. Перекрестова, Л.В. Финансы, денежное обращение и кредит [Текст]: учебник / Л.В. Перекрестова, Н.М. Романенко, С.Сазонов.- 13-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2017.- 368 с. 3. Серкебаева, Р.К. Финансы [Текст]: учеб. / Р.К. Серкебаева, Р.У. Смагулова; МОН РК.- Алматы: BOOKPRINT, 2014.- 320 с. 4. Брехова Ю.В., Алмосов А.П., Завьялов Д.Ю. Б87 Финансовая грамотность: методические рекомендации для учителя. 10–11 классы общеобразоват. орг. — М.: ВАКО, 2018. — 232 с. Қосымша әдебиеттер 1. Постановлением Правительства Республики Казахстан от « 30 » мая 2020 года № 338. Концепция повышения финансовой грамотности на 2020 – 2024 годы 2. О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс) / Кодекс Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года № 120-VI ЗРК.

Пәннің коды мен атауы	М 1203 Математика 2
Цикл	БП / ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	«6В06103– Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	2
Пәннің пререквизиттері	Высшая математика I
Пәннің постреквизиттері	Физика, жүйені модельдеудің бағдарламалық құралдары (Matlab), жүйелік талдау және шешімдерді қабылдау теориясы
Пәннің мақсаты	математикалық талдаудың негізгі ұғымдарын және олардың қосымшаларын оқып үйрену; берілген пәннің типтік есептерін шешудің негізгі математикалық әдістерімен танысу және оларды тәжірибеде қолдана білу; зерттеудің математикалық аппаратын меңгеру.
Пәннің мазмұны	Көп айнымалы функциялар. Көп айнымалы функцияның анықтамасы. Функцияның дербес және толық өсімшесі. Көп айнымалы функцияның шегі, үздіксіздігі және

	дифференциалдануы. Дербес туынды, көпайнымалы функцияның толық дифференциалы. Көп айнымалы функцияның экстремумы. Еселі интегралдар. Екі еселі интегралдар, оларды есептеу. Үшеселі интегралдар, оларды есептеу. Қосымшасы. Қатарлар. Сандық қатарлар. Жинақтылық, қатардың қосындысы. Қатардың жинақталуының қажетті белгісі. Мүшелері оң қатарларға арналған салыстыру теоремалары. Даламбер белгісі. Кошидің радикалдық және интегралдық белгілері. Таңбалары ауыспалы қатарлар. Абсолютті және шартты жинақталу. Функционалдық қатарлар. Дәрежелік қатарлар. Жинақталу интервалы. Жинақталу радиусы. Дифференциалдық теңдеулер. Айнымалысы ажыратылатын теңдеулер. Біртекті теңдеулер. Сызықтық теңдеулер. Бернуллі теңдеуі. Толық дифференциалдық теңдеу. Тұрақты коэффициентті екінші және n ретті сызықты біртекті дифференциалдық теңдеулер. Тұрақты коэффициентті сызықты біртекті емес екінші ретті дифференциалдық теңдеулер. Жалпы шешім құрылымы. Қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін есепті шешудің сандық әдістері. Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері. Қарапайым оқиғалар кеңістігі. Ықтималдықтың классикалық анықтамасы. Геометриялық ықтималдық. Шартты ықтималдылық. Ықтималдықтарды қосу және көбейту теоремасы. Толық ықтималдық формуласы. Формула Байеса. Кездейсоқ шамалар. Кездейсоқ шаманы үлестіру функциясы. Кездейсоқ шамалардың сандық сипаттамалары. Таңдаулар. Таңдау бойынша белгісіз үлестіру параметрлерін нүктелік бағалау. Сенімді интервалдар және гипотезаларды статистикалық тексеру туралы түсінік.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін студент: - негізгі математикалық формулаларды, теориялық тұжырымдарды және қолдану салаларын; математикалық есептерді шешу тәсілдерін, шешімді іс жүзінде қолдануға болатын нәтижеге жеткізу тәсілдерін білуі тиіс; - математикалық білімді өз бетінше кеңейтуді; математикалық модельдерді зерттеуді; математикалық есептерді шешуді; эксперименталды мәліметтерді өңдеуді және талдауды іске асыра білуі тиіс; - кәсіби қызметте алған білімі мен іскерліктерін пайдалануға құзыретті болуы керек.
Қорытынды бақылау түрі	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Байарыстанов А.О. Жоғары математика: II-бөлім: оқулық. - Алматы: Нур-Принт, 2015.- 245 б. 2. Ақанбай Н. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика курсы: I-бөлім: оқулық. - Қарағанды: Medet Group, 2018.- 396 б. 3. Ақанбай Н. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика курсы: II-бөлім: оқулық. - Қарағанды: Medet Group, 2018.- 336 б.

	4. Ақанбай Н. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика курсы: III-бөлім: оқулық. - Қарағанды: Medet Group, 2018.- 252 б. 5. Махмеджанов Н. Жоғары математика есептерінің жинағы: оқу құралы / Н. Махмеджанов; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Қарағанды: Medet Group, 2018.-326 б. Қосымша 6. Ақжігітов Е. Жоғары математикадан есептер мен жаттығулар: 1-бөлім: оқулық. - Алматы: Фолиант, 2017.- 296 б. 7. Ақжігітов Е. Жоғары математикадан есептер мен жаттығулар: 2-бөлім: оқулық. - Алматы: Фолиант, 2017.- 296 б. 8. Ақанбай Н. Математикалық статистика бөлімі бойынша өзіндік тапсырмалар мен методикалық нұсқаулар: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 324 б. 9. Махмеджанов Н. Жоғары математикадан тапсырмалар жинағы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2020.- 122 б. 10. Крофт, Э. Математика негіздері: 2-бөлім: оқулық. - Алматы, 2014.- 324 б. 11. Интернет ресурсы. http://library.kaznau.kz/new/?lang=ru
--	--

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ : 6B06103 – «ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫ
ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»**

Берілетін дәреже: 6B06103– «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бакалавры

2 КУРС

Цикл	Код	Пәндер	Академ кредиттер
3 семестр – 28 академиялық кредит			
Міндетті компонент – 7кр.			
ЖБП	Fil 2102	Философия	5
ЖБП	DSH 2111	Дене шынықтыру	2
Жоғары оқу орны компоненті –11 кр.			
БП	Fiz 2203	Физика	5
БП	KUAT 2209	Компьютерді ұйымдастыру және ассемблер	6
Таңдау компоненті – 10кр.			
БП	OBB 2211	Объектілі-бағытталған бағдарламалау	5
	CTB 2235	C++ тілінде программалау	
БП	WB 2217	Web-бағдарламалау	5
	HTSK 2218	HTML тілінде сайттарды құру	
4 семестр – 32 академиялық кредит			
Міндетті компонент – 2кр.			
ЖБП	DSH 2112	Дене шынықтыру	2
Жоғары оқу орны компоненті – 15 кр.			
БП	CSD 2208	Цифрлық сұлбалар дизайны	5
БП	PBTKZh 2205	Python бағдарламалау тілінде қосымшаларды жобалау	5
БП	OP 2207	Өндірістік практика	5
Таңдау компоненті – 15 кр.			
БП	IGZh 2215	Интерактивті графикалық жүйелер	5
	AKSA 2216	Ақпаратты кодтау және сығу әдістері	
БП	DKBZh 2229	Деректер қоры мен білім жүйелері	5
	BMA 2230	Басқару модельдері мен әдістері	
БП	OZhD 2213	Операциялық жүйе дизайны	5
	ZNZh 2214	Заманауи нейрондық желілер	

Пәнді сипаттауға арналған формуляр (таңдау)

Пәннің коды мен атауы	Fiz 2203 Физика
Пәннің ПОҚ	Жукина А.Б., Нұрқамыт А.Б.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B06103 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Орта мектептің физика курсы, Математика
Пәннің постреквизиттері	Цифрлық сұлбалар дизайны, Компьютерлік жүйелердің интерфейстерінің дизайны
Пәнді оқу мақсаты	Қазіргі заман физикасының көмегімен әлем бейнесінің сипатын көрсете білу қабілеттілігін және ғылыми көзқарасын қалыптастыру.
Пән мазмұны	Материялық нүктенің және қатты дененің кинематикасы мен динамикасы. Жұмыс және энергия. Сұйықтар мен газдардың механикасы. Механикалық тербелістер. Молекулалық физика негіздері. Тасымалдау құбылыстары. Термодинамика негіздері. Реал газдар және сұйықтар. Фазалық ауысулар. Капиллярлық құбылыстар. Электростатика және магнетизм. Заттардың магниттік қасиеттері, электромагниттік толқындар. Толқындық оптика. Жарықтың кванттық табиғаты. Атомдық және ядролық физика.
Пәннің құзіреттілігі	- біледі: негізгі физикалық заңдарды және олардың маңызды салдарларын, зерттеудің физикалық принциптері мен әдістерін; - түсінеді: физикалық эксперимент нәтижелерін түсіну және талдау, IT технология көмегімен физикалық құбылыстар мен жағдайларды моделдеуді; физиканың түрлі салаларынан типтік есептерді шешуді; - қолдана алады: нақты физикалық тапсырмалар мен жағдайларды шешу үшін теориялық білімді; - құзыретті: ақпаратты талдау мен қабылдауда, мақсат қою және оған қол жеткізу жолдарын таңдауға, физикалық эксперименттер жүргізуде, заманауи физикалық құралдармен жұмыс істеу және өлшеу нәтижелерін математикалық өңдеуде.
Қорытынды бақылау нысаны	емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Аманқұлов Т.П., Хамза А.Қ. Физика курсы.- Қарағанды: Medet Group, 2018.- 332 б. 2. Әбілдаев Ә. Физика.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2014.- 242 б. 3. Иродов И.Е., Маженов Н.А., Смирнов Ю.М., Кенжин Б. М.- Механика. Электромагнетизм. Кванттық физика. Негізгі заңдар. Алматы, 2012.- 276 б. 4. Қойшыбаев Н. I-V том. Механика. Молекулалық физика және термодинамика. Электродинамика.

	Тербелістер мен толқындар. Оптика. Атом. Ядро. Элементар бөлшектер. Алматы, «БеРо», 2011ж. 5. Абдула Ж. Физика курсының лекциялары, Алматы: Дәуір, 2012ж. – 528б. 6. Волькенштейн В.С. Жалпы физика курсының есептер жинағы. Алматы: Нур-Принт, 2017.- 450 б. 7. http://library.kaznau.kz/new/?lang=ru Қосымша: 8. Бижігітов, Т. Статистикалық физика. Физикалық кинетика негіздері,- Алматы: Дәуір, 2011.- 120 б. 9. Каргин, Д.Б. Физика: қысқаша анықтамалық - Астана: Эверо, 2012.- 249 б. 10. Қожанов Т.С., Рысмендее С.С. Физика курсы. 1,2- Алматы: Агроуниверситет, 2003. – 196 б 11. Мартин, Б.Р. Ядролық физика және элементар бөлшектер физикасы: 1 бөлім: оқулық ауд. Д.Минал, С.Қ.Сахиев, С.А.Жауғашева.- Алматы, 2013.- 352 б. 12. http://er.semgu.kz/ebooks/ebook_271/ 13. http://er.semgu.kz/ebooks/ebook_215/
--	--

Пәннің коды мен атауы	KUAT 2209 Компьютерді ұйымдастыру және ассемблер
Пәннің ПОҚ	Курманкулова Г.Е., Молдаев Б.К.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B06103 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
Академиялық кредит	6
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Ақпараттық –коммуникациялық технологиялар
Пәннің постреквизиттері	Цифрлық сұлбалар дизайны, Операциялық жүйе дизайны
Пәнді оқу мақсаты	Студенттерді компьютерлік жүйелердің архитектурасымен, сипаттамасымен және мүмкіндіктерімен, есептеу техникасы құрылғыларын жобалауымен таныстыру.
Пән мазмұны	ЭЕМ жұмыс істеу принциптері. Цифрлық құрылғыларды логикалық жобалау теориясының негіздері. ЭЕМ элементтері мен функционалдық түйіндері. БИС. ЭЕМ арифметикалық негіздері. ЭЕМ есте сақтау құрылғылары. Процессорлар. ЭЕМ-ге ақпаратты енгізу – шығару. Деректерді өңдеу жүйелері. Есептеу жүйелерінің жіктелуі. Процессордың ішкі ұйымдастырылуы, ассемблер тілінің негіздері. Компьютер жадының жұмысын ұйымдастыру. Интерфейстер. Процессордың жұмыс режимі. Заманауи процессорлар. Есептеу жүйелерінде есептеулерді ұйымдастыру. Желілерді құрудың негізгі принциптері.
Пәннің құзіреттілігі	- біледі ЭЕМ және негізгі кластар мен типті жүйелердің архитектурасын, сипаттамасын, мүмкіндіктерін және қолдану аймағын; - түсінеді қазіргі заманғы ЭЕМ мен жүйелерді кешендеудің архитектурасы мен құралдарын, есептеуіш техника

	құрылғыларын жобалауды, ЭЕМ тораптары мен блоктарының жұмысын талдауды; - қолдана алады: дербес компьютерді құрастыру және бөлшектеу кезінде практикалық дағдыларды, операциялық және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату мен баптауды; - күзiреттi: есептеу жүйелерін, кешендер мен желілерді құру кезінде аппараттық және бағдарламалық құралдарды кешендеу принциптері, әдістері мен тәсілдерінде; ЭЕМ және есептеу жүйелерінің техникалық-пайдалану мүмкіндіктерін бағалауда.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Гусева А.И. Вычислительные системы, сети и телекоммуникации : учеб. - М.: Академия, 2014.- 288 с. 2. Дильмагамбетова Б.М. Организация вычислительных сетей и систем : учеб. пособие. - Алматы: КазНАУ, Айтұмар, 2013.- 296 с. 3. Гаркуша О.В., Добровольская, Н.Ю. Г 204 Ассемблер в примерах и задачах: учебное пособие – Краснодар: Кубанский гос. ун-т, 2022. – 134 с. 4. Йо Ван Гуй. Программирование на ассемблере x64: от начального уровня до профессионального использования AVX / пер. с англ. А. В. Снастина. – М.: ДМК Пресс, 2021. – 332 с.: ил. 5. Купарова А.Т. Программирование в Ассемблере. 5B060200 – Конспект лекции для специальности «Информатика» – Алматы: АУЭС, 2015. – 71 с. 6. Купарова А.Т., Альмуратова Г.Б. Ассемблерде программалау. 5B060200 – Информатика мамандығының дәрістер жинағы. – Алматы: АЭЖБУ, 2016. – 74 б. 7. Якубович Д.А. Программирование на языке ассемблер. Macro Assembler : практикум. – Владимир: Изд-во ВлГУ, 2017. – 191 с. 8. https://www.masm32.com 9. https://www.kali.org Қосымша: 10. Баула В.Г. Архитектура ЭВМ и операционные среды : учебник для вузов .- 2-е изд., стереотип.- М.: Академия, 2012.- 336 с. 11. Горнец Н.Н. ЭВМ и периферийные устройства. Компьютеры и вычислительные системы: Учебник. - М.: ИЦ Академия, 2012. - 240с. 12. Дүйсембаев Ә.Е. Компьютерлер архитектурасы : оқу құралы.; әл-Фараби атын. ҚазҰУ.- толық., өңделіп басылуы.- Алматы: Daig баспасы, 2012.- 172 б. 13. Андреев А.М. Многопроцессорные вычислительные системы: теоретический анализ, математические модели и применение: Учебное пособие. - М.: МГТУ им. Баумана, 2011.- 332с.

Пәннің коды мен атауы	ОВВ 2211 Объектілі- бағытталған бағдарламалау;
Пәннің ПОҚ	Сейдалиева Г.О., Киргизбаева Б.Ж., Дильмагамбетова Б.М.
Цикл	БП/ ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6B06103-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
Академиялық кредит саны	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	3
Пререквизиттер	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар, Алгоритмдердің дизайны және талдау
Постреквизиттер	Python ортасында қосымшаларды жобалау, Java -да программалау
